являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2025 жылғы 23 маусымдағы  
№ 33 қаулысына  
18-қосымша

## **"Бейрезиденттермен халықаралық операциялар туралы есеп" (индексі – 10-ТБ, кезеңділігі – тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру нұсқаулығы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Бейрезиденттермен халықаралық операциялар туралы есеп" (индексі – 10-ТБ, кезеңділігі – тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыру нұсқаулығы "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және статистикалық нысанды толтыруды нақтылайды.

2. Статистикалық нысанды респонденттер тізбесіне енгізілген ұйымдар ұсынады. Алдағы тоқсанға респонденттердің тізбесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жасайды. Алдағы тоқсанға арналған тізбеде респондентті іздеу сервисі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің порталында "Электрондық анықтамалар" бөлімінде, "Төлем балансы бойынша есептілік нысандары бойынша респонденттердің тізбесі" кіші бөлімінде орналастырылған.

3. Осы статистикалық нысан бойынша сұратылатын ақпарат Қазақстан Республикасының төлем балансын жасауға арналған.

4. Статистикалық нысанға басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адамдар және орындаушы қол қояды.

### **2-тарау. Статистикалық нысанды толтыру**

5. Статистикалық нысанды толтыру кезінде мынадай анықтамалар қолданылады:

1) резиденттер:

азаматтығына қарамастан, Қазақстан Республикасында бір жылдан астам тұратын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде бір жылдан аз уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары. Мемлекеттік қызмет, білім алу және емделу мақсатында шетелде жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары басқа елдердің аумағында болу мерзіміне қарамастан, резидент болып табылады;

халықаралық ұйымдарды, шетелдік елшіліктерді, консулдықтарды және басқа дипломатиялық және ресми өкілдіктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғалар;

заңды тұлғаны құрмастан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған ұйымдар;

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде орналасқан Қазақстанның елшіліктері, консулдықтары және басқа дипломатиялық және ресми өкілдіктері;

осы тармақшаның үшінші абзацында және осы тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері;

2) бейрезиденттер:

азаматтығына қарамастан, шетелде бір жылдан астам тұратын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан аз жүрген шетел азаматтары. Мемлекеттік қызмет, білім алу және емделу мақсатында жүрген шет мемлекеттердің азаматтары республика аумағында болу мерзіміне қарамастан, бейрезидент болып табылады. Қазақстанда вахталық әдіспен жұмысқа тартылған шет мемлекеттердің азаматтары республика аумағында болу мерзіміне қарамастан, бейрезидент болып табылады;

Қазақстан Республикасының елшіліктерін, консулдықтарын және басқа дипломатиялық және ресми өкілдіктерін қоспағанда, басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан халықаралық ұйымдар, шетелдік елшіліктер, консулдықтар және басқа шетелдік дипломатиялық және ресми өкілдіктер;

осы тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацында және осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген, басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері.

6. Операциялардың құны нақты төлем уақыты бойынша емес, оны есептеу кезінде (операцияларды нақты жүзеге асыру күнінде) көрсетіледі. Көрсетілген қызметті (орындалған жұмысты) қабылдау актісіне қол қойылған күн қызметті (жұмысты) нақты көрсеткен (орындаған) күн болып есептеледі. Егер шартта көрсетілген қызметті (орындалған жұмысты) қабылдау актісін жасау көзделмеген болса, шот-фактура (инвойс) ұсынылған күн қызмет көрсетілген күн болып есептеледі.

7. Барлық операциялар Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) мың долларымен көрсетіледі. Өзге шетел валютасындағы операциялар алдымен теңгеге, содан кейін АҚШ долларына ауыстырылады. Конвертациялау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілікті қалыптастыру мақсатында қолданылатын валюта айырбастаудың нарықтық бағамдары пайдаланылады. Бұл ретте операцияларды конвертациялау үшін операциялар жүргізу күні тиісті бағамдар пайдаланылады. Теңгемен көрсетілген сома операцияларды жүргізу күні АҚШ долларына ауыстырылады.

8. Барлық операциялар статистикалық нысанның 2-бағанынан бастап және одан әрі әріптес елдер бойынша бөлініп көрсетіледі. Егер әріптес елдердің саны статистикалық нысандағы бағандар санынан асып кетсе, қосымша параққа жетіспейтін бағандар қосылады.

1, 2, 5-8-бөлімдерде ел бойынша ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1-2016 "Елдердің атаулары мен олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін көрсетуге арналған кодтар. 1-бөлім. Ел кодтары" Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес екі әріптен тұратын ел коды көрсетіледі.

Халықаралық ұйымдармен жасалатын операциялар "Халықаралық ұйымдар" бағанында көрсетіледі.

Валюта кодтары ҚР ҰБ 07 ISO 4217-2019 "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

9. Статистикалық нысанның жекелеген көрсеткіштерінің сипаттамасы:

құрылыс қызметтері (10, 18, 19, 110-жолдар) құрылыс алаңын дайындау, объектілердің құрылысы, құрама конструкциялар мен жабдықтарды монтаждауды қамтитын, құрылыс келісімшарттарының ажырамас бөлігі болып табылатын барлық тауарлар мен қызметтерді қамтиды. Бұрғылау және су ұңғымаларын салу және оператормен құрылыс немесе бөлшектеу жабдықтарын жалға алу, құрылыс жобасын басқару, құрылыс жөндеу сияқты басқа құрылыс қызметтерін қамтиды;

қаржылық қызметтер (20, 120-жолдар) қаржылық мәмілелер бойынша (сақтандыру компаниялары мен зейнетақы қорларының қызметтерін қоспағанда) делдалдардың комиссиялық сыйақысын, оның ішінде: кредиттер бойынша комиссияны, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың комиссиясын қамтиды. Сонымен қатар басқа да көмекші қаржылық қызметтерді (қаржылық кеңес беру, қаржылық активтерді басқару, кредиттік рейтинг қызметтерін) қамтиды. Депозиттер, кредиттер, несиелер және қарыздар бойынша сыйақы қаржылық қызметтерге енгізілмейді;

телекоммуникациялық қызметтер (21, 121-жолдар) телефон, телетайп, телеграф, радиохабар тарату, спутниктік байланыс, электрондық пошта, факс арқылы дыбысты, суретті немесе басқа ақпаратты беруді қамтиды, сондай-ақ іскерлік желілік қызметті, телеконференцияларды, ілеспе қызметтерді, интернет және оған қол жеткізуді қамтиды. Телекоммуникациялық қызметтерге берілетін ақпараттың құны, телефон желісін орнату қызметтері (құрылыс қызметтері), компьютерлік қызметтер, сондай-ақ дерекқор ақпаратына қол жеткізу және пайдалану кірмейді;

сақтандыру қызметтері (130, 131, 132, 133, 134, 135-жолдар) сақтандыру компанияларының сақтандыру қызметтерінің әртүрлі түрлерімен қамтамасыз етілуін, сондай-ақ сақтандыру агенттерінің комиссиялары, сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру бойынша кеңес сияқты қосымша сақтандыру қызметтерін қамтиды;

компьютерлік қызметтер (30, 140-жолдар) тапсырыс берілген және тапсырыс берілмеген (жаппай өндірілген) бағдарламалық қамтылымды және онымен байланысты

лицензияларды сату (сатып алу); техникалық құралдар мен бағдарламалық қамтылымды орнату; компьютерлік техника және бағдарламалық қамтылым саласындағы консалтинг; компьютерлер мен перифериялық құрылғыларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету, деректерді өңдеу және оларды серверге орналастыру; жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтылымның түпнұсқалары мен меншік құқықтарын сатып алу және сатуды қамтиды. Компьютерлік қызметтерге бағдарламалық қамтылымды ұдайы өндіруге және (немесе) таратуға (зияткерлік меншікті пайдалануға) арналған лицензиялар, нақты пайдаланушы үшін әзірленбеген оқу компьютерлік курстары (мәдениет және демалыс саласындағы жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер) үшін төлемақы кірмейді;

ақпараттық қызметтер (40, 150-жолдар) бұқаралық ақпарат құралдарына жаңалықтар, фотосуреттер мен мақалалар беру; дерекқор құру, сақтау және тарату; пошта арқылы және өзге де тәсілдермен жеткізумен мерзімді басылымдарға тікелей жеке жазылу; кітапхана және архив қызметтерін қамтиды;

пошта және курьерлік байланыс қызметтері (45, 155-жолдар) хаттарды, мерзімді баспасөз басылымдарын, жіберілімдер мен бандерольдерді жинауды, тасымалдауды және жеткізуді қамтиды;

тауарларды қайта өңдеу жөніндегі қызметтер (50, 160-жолдар) материалдық ресурстарды өңдеуді, жинауды қамтиды. Бұл қызметтерге шикі мұнайды, табиғи газды, металл кендерін және концентраттарды қайта өңдеу; дайын құрылыс конструкцияларын құрастыруды (құрылыс қызметтерін) қоспағанда, киім тігу, электрониканы құрастыру және басқа да құрастыру түрлері кіреді;

жөндеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер (60; 170-жолдар) теңіз және әуе кемелерін және басқа да көлік құралдарын, сондай-ақ құрылыс жөндеуін, компьютерлерді жөндеуді, мұнай және газ ұңғымаларын жөндеуді, сондай-ақ көлік құралдарын тазалау мен жинауды (қосалқы көлік қызметтерін) қоспағанда, басқа да тауарларды күрделі және ағымдағы жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді қамтиды;

зияткерлік меншікті пайдалану үшін төлем (70, 180-жолдар) меншік құқығын пайдалану үшін төлемді (мысалы патенттер, авторлық құқықтар, сауда белгілері, технологиялық процестер, дизайн және т.б.), сондай-ақ өндірілген түпнұсқалар мен прототиптерді (мысалы кітаптар мен қолжазбалар, компьютерлік бағдарламалық қамтылым, кинематографиялық жұмыстар, дыбыстық жазбалар және т.б.) ұдайы өндіруге және (немесе) таратуға арналған лицензиялар үшін төлемді қамтиды;

ғылыми-зерттеу жұмыстары және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер (бұдан әрі – ҒЗТКӨ) (81, 191-жолдар) жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді, жана өнімдер мен технологияларды

тәжірибелік әзірлемелерді, техникалық жаңа енгізілімдерді білдіретін операциялық жүйелерді әзірлеуді және ҒЗТКЖ нәтижелерін (патенттер, авторлық құқықтар, технологиялық процестер сияқты) сатып алу мен сатуды қамтиды;

заң қызметтері (82, 192-жолдар) заң кеңестері мен консультацияларды қамтиды; заң, сот және заң шығару процестерінде қызмет көрсету; фирмаларға жедел көмек көрсету; заң құжаттамасын дайындау; төрелік қызметтер;

бухгалтерлік, аудиторлық қызметтер (83, 193-жолдар) бухгалтерлік есеп, есеп жүргізу, аудит және салық салу, қаржылық есептілікті жасау бойынша консультациялық қызметтерді қамтиды;

бизнес және басқару бойынша кеңес беру қызметтері (84, 194-жолдар) жалпы басқару консультацияларын, қаржылық менеджментті, кадрлық менеджментті, өндірістік менеджментті және басқа басқару консультацияларын; бизнес саясаты мен стратегиясы мәселелерінде консультацияларды, басшылықты және жедел көмекті; қоғаммен байланыс қызметтерін қамтиды. Құрылыс жобасына (құрылыс қызметтері) басшылық алып тасталады;

жарнама және нарық конъюнктурасын зерттеу қызметтері (85, 195-жолдар) жарнама агенттіктері арқылы жарнаманы жобалау, құру және маркетинг; жарнамалық уақытты сатып алу мен сатуды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында жарнама орналастыру; көрмелер мен сауда жәрмеңкелерін ұйымдастыру; тауарларды шетелде жарнамалау; маркетингтік зерттеулер; түрлі мәселелер бойынша қоғамдық пікірге сауалнама жүргізуді қамтиды;

архитектуралық, инженерлік және өзге де техникалық қызметтер (86, 196-жолдар) архитектуралық және құрылыс жобаларын әзірлеу; геологиялық барлау және іздестіру, картография; метеорологиялық қызметтер; өнім сапасын тексеру және сертификаттау, техникалық сынақтар мен талдаулар, техникалық бақылау; инженерлік кеңестер және қоршаған орта бойынша кеңес беруді қамтиды. Тау-кен инженериясы пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты қызметтерде көрінеді;

қалдықтарды қайта өңдеу және қоршаған ортаны тазарту (87, 197-жолдар) радиоактивті және басқа да қалдықтарды қайта өңдеу; қоршаған ортаны тазарту және қалпына келтіруге байланысты қызметтерді; санитарлық қызметтерді қамтиды;

ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтер (88, 198-жолдар) ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру (өсімдіктерді аурулар мен зиянкестерден қорғау, өнімділікті арттыру); орман шаруашылығы және балық шаруашылығы қызметтерін қамтиды;

персоналсыз жабдықтың операциялық лизингі (жалдау) (89, 199-жолдар) персоналсыз жабдықты жалға алу, экипажсыз көлік құралдарын жалға алу, жылжымалы бұрғылау платформаларын және өндіру, сақтау және түсіру үшін қалқымалы кемелерді жалға алуды қоса алғанда, жылжымайтын мүлікті жалға алуды

қамтиды. Қаржы лизингі, телекоммуникациялық желілерді немесе қуаттарды жалға алу (телекоммуникациялық қызметтер), экипажы бар көлік құралдарын жалға алу (жүк немесе жолаушылар тасымалы) алып тасталды;

саудаға байланысты қызметтер (90, 200-жолдар) трейдерлерге, биржалық тауарлар брокерлеріне, дилерлерге, аукционшыларға төленетін тауарлар мен қызметтермен операциялар бойынша комиссиялық сыйақыны қамтиды. Қаржы құралдары бойынша брокерлік қызметтер (қаржылық қызметтер) және жүк және жолаушылар тасымалымен байланысты агенттердің комиссиялық сыйақысы (қосалқы көлік қызметтері) алып тасталды;

өзге де іскерлік қызметтер (91, 201-жолдар) электр энергиясын, суды, газды және т.б. бөлу жөніндегі қызметтерді қамтиды; кадрларды іріктеу, күзету, ауызша және жазбаша аударма, фотографиялық қызметтер, үй-жайларды жинау, тамақтануды ұйымдастыру, риэлторлық қызметтер, баспа қызметтері, ветеринарлық қызметтер және жоғарыда аталған қызметтерге енгізілмеген басқа да іскерлік қызметтер;

пайдалы қазбаларды өндіру саласындағы қызметтер (92, 202-жолдар) бұрғылау жұмыстарын (бұрғылау, бұрғылау мұнараларын салу, мұнай және газ ұңғымаларын жөндеу, бөлшектеу және цементтеу; тау-кен инженериясы) қоса алғанда, мұнай, газ және басқа да пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты қызметтерді қамтиды;

жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет және демалыс саласындағы қызметтер (100; 210-жолдар) фильмдер, радио және телебағдарламалар шығару және музыкалық шығармаларды жазуға байланысты қызметтер, гастрольге, театр қойылымдарын, музыкалық, спорттық және цирк бағдарламаларын құруға байланысты актерлерге, режиссерлерге және т.б. еңбекақы төлеу; бейне және дыбыстық жазбаларды жалға алу, бейне және дыбыс жазбаларын пайдалану (көрсету) құқығы, телеарналарға кіру үшін ақы; төлемдер және жалға беруден түсетін түсімдер; қолжазбалардың, бейне және дыбыстық жазбалардың түпнұсқаларын және жаппай өндірісін сатып алу және сату; музейлердің, кітапханалардың, архивтердің жұмысына байланысты қызметтер; спорттық іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер; қашықтықтан көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, өз елінен тыс жерлерде оқытушылар мен медицина қызметкерлерінің қызметтерін қамтиды;

сіздің ұйымыңызға тиесілі көлік құралдарына қызмет көрсету бойынша қызметтерге (251-жол) сүйрету, лоцмандық сымдар, тұрақ, навигациялық қолдау, авиадиспетчерлік және өзге де порттық және осыған ұқсас алымдар, көлік құралдарын жинау және тазалау, тиеу-түсіру жұмыстары, сақтау және қоймалау, порттарда орау және қайта орау, көлік құралына жеткізілетін тауарлар (отын, азық-түлік, борттық қорлар, балласт және бекіту материалдары) кіреді;

жүк көлігі қызметтері (350, 370, 373, 376-жолдар) жүктерді тасымалдау жөніндегі көлік ұйымдарының қызметтерін қамтиды;

қосалқы көлік қызметтері (241, 251, 265-жолдар) тиеу-түсіру жұмыстары, сақтау және қоймада сақтау, буып-түю, көлік құралдарына қосалқы қызмет көрсету, жүк және жолаушылар тасымалымен байланысты агенттердің комиссиялық сыйақысын; жүктерді экспедициялау жөніндегі қызметтерді қамтиды;

материалдық емес активтермен операциялар (380, 390-жолдар) бренд атаулары, мерзімді басылымдардың тақырыптары, сауда белгілері, логотиптер және домен атаулары сияқты маркетингтік активтерді сату және сатып алуды қамтиды; спортшының бір клубтан екіншісіне ауысуы үшін трансферттік төлем;

табиғи ресурстарды жалға алу (400, 410-жолдар) жер, орман, қорық, су қоймасы сияқты табиғи ресурстарды уақытша пайдалануға беру; пайдалы қазбаларды өндіру және балық аулау құқығын беру үшін; аумақтың үстінен ұшу құқығы үшін төлемді қамтиды;

бейрезидент жұмыскерлердің жалақысы (530, 540-жолдар) бір жылдан аз мерзімге жұмысқа жалданған шетелдік жұмыскерлердің және вахталық әдіспен жұмысқа тартылған шетелдік жұмыскерлердің ақшалай және заттай нысандағы еңбекақысын қамтиды. Заттай жалақы азық-түлік, тұрғын үй, көлік құралдары, тегін жол жүру, жұмысқа және жұмыстан тасымалдау, спорт орталықтары мен демалыс үйлерінің қызметтері, акцияларға опциондар сияқты тауарлар мен қызметтер түріндегі төлемдерден тұрады;

өзге де ағымдағы трансферттер (580, 590-жолдар) сақтандыру өтемақысы болып табылмайтын жарақаттар немесе мүлікке келтірілген залал үшін өтемақы төлемдерін, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтауды қаржыландыруға байланысты емес сыйға тарту мен қайырымдылықты қамтиды;

күрделі трансферттерге (600, 610-жолдар) күрделі активтерге ауқымды залал келтіргені үшін өтемақы төлемдері (мысалы мұнайдың төгілуіне, қатты жарылыстарға, фармацевтикалық өнімдердің жанама әсерлеріне және т.б. байланысты), сондай-ақ негізгі капиталды жинақтауды қаржыландыру мақсатына ірі сыйлықтар мен қайырымдылықтар, мысалы университеттерге жаңа оқу үй-жайларын салу бойынша шығысты жабу үшін сыйға тарту кіреді.

10. "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы бейрезиденттерге көрсетілген және (немесе) бейрезиденттерден алынған денсаулық сақтау қызметтері, есепте көрсетілмейді (107, 108, 216, 217-жолдар)

11. Есептің түсіндірмесінде:

1) талдаманы қажет ететін басқа қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы (109, 219, 271, 275, 330, 373, 376-жолдар);

2) респондент көрсету қажет деп есептейтін ақпарат көрсетіледі.

12. Статистикалық нысан қағаз тасымалдағышта не электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімі сақтала отырып, "ҚР ҰБ Веб-порталы" автоматтандырылған

ақпараттық шағын жүйесі арқылы электрондық тәсілмен ұсынылады. Бір статистикалық нысан әртүрлі тәсілдермен ұсынылған кезде ерте ұсынылған күн ұсыну күні болып саналады.

Статистикалық нысанды қағаз тасымалдағышта ұсынған кезде статистикалық нысанның ақпарат толтырылған бөлімдерін (бөліктерін) ғана ұсынуға болады. Бұл ретте статистикалық нысанның мазмұнында толтырылған бөлімдердің (бөліктердің) бар-жоғы көрсетіледі.

Статистикалық нысанға түзетулер (өзгертулер, толықтырулар) есепті кезең аяқталғаннан кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

### **3-тарау. Арифметикалық-логикалық бақылау**

13. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 1-бөлім, А бөлігі. "Бейрезиденттерге көрсетілген қызметтер":

әрбір баған үшін 10-жол =  $11 + 12 + 13 + 14 + 15 + 16 + 17$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 21-жол =  $22 + 23 + 24 + 25 + 26 + 27 + 28$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 30-жол =  $31 + 32 + 33$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 40-жол =  $41 + 42$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 60-жол =  $61 + 62 + 63 + 64$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 70-жол =  $71 + 72 + 73 + 74 + 75$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 80-жол =  $81 + 82 + 83 + 84 + 85 + 86 + 87 + 88 + 89 + 90 + 91 + 92$

жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 100-жол =  $101 + 102 + 103 + 104 + 105 + 108$  жолдар қосындысы;

2) 1-бөлім, Б бөлігі. "Бейрезиденттерден алынған қызметтер":

әрбір баған үшін 110-жол =  $111 + 112$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 121-жол =  $122 + 123 + 124 + 125 + 126 + 127$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 140-жол =  $141 + 142 + 143$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 150-жол =  $151 + 152$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 170-жол =  $171 + 172 + 173 + 174$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 180-жол =  $181 + 182 + 183 + 184 + 185$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 190-жол =  $191 + 192 + 193 + 194 + 195 + 196 + 197 + 198 + 199 + 200 + 201 + 202$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 210-жол =  $211 + 212 + 213 + 214 + 215 + 216 + 217 + 218$  жолдар қосындысы;

3) 2-бөлім. "Қосалқы көлік қызметтері":

әрбір баған үшін 236-жол =  $237 + 238$  жолдар қосындысы;

әрбір баған үшін 251-жол =  $281 + 282$  жолдар қосындысы;

4) 3-бөлім. "Қазақстанда орналасқан халықаралық ұйымдарға, шетелдік елшіліктерге, консулдықтарға және басқа шетелдік дипломатиялық және ресми өкілдіктерге ұсынылған тауарлар мен қызметтер":

әрбір баған үшін 320-жол = 321 + 322 жолдар қосындысы;  
 5) 4-бөлім. "Жүк көлігінің қызметтері (жүкті сақтандыруды қоспағанда)":  
 әрбір баған үшін 350-жол = 351 + 352 жолдар қосындысы;  
 әрбір баған үшін 370-жол = 371 + 372 жолдар қосындысы;  
 6) Барлық бөліктер (бөлімдер) үшін:  
 барлық жолдар үшін 1-баған = 2 + 3 + ... + n бағандар қосындысы.

Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық Банкі Басқармасының  
 2025 жылғы 23 маусымдағы  
 № 33 қаулысына  
 19-қосымша

	<b>ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ</b>																					
	Вedomствольк статистикалык байқаудын Статистическая форма ведомственного статистического наблюдения Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынылады Представляется Национальному Банку Республики Казахстан																					
"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша бейрезиденттерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және бейрезиденттердің тәуекелдерін қайта сақтандыру туралы есеп																						
Отчет о страховании (перестраховании) нерезидентов и перестраховании рисков у нерезидентов по отрасли "общее страхование"																						
Индексі Индекс	11-ТБ-ЖС 11-ПБ-ОС	<table border="1"> <tr> <td>тоқсанды қ</td> <td>есепті кезең</td> <td><input type="text"/></td> <td>тоқсан</td> <td><input type="text"/></td> <td><input type="text"/></td> <td>жыл</td> <td><input type="text"/></td> </tr> <tr> <td>квартальная</td> <td>отчетный период</td> <td></td> <td>квартал</td> <td></td> <td></td> <td>год</td> <td></td> </tr> </table>	тоқсанды қ	есепті кезең	<input type="text"/>	тоқсан	<input type="text"/>	<input type="text"/>	жыл	<input type="text"/>	квартальная	отчетный период		квартал			год					
тоқсанды қ	есепті кезең	<input type="text"/>	тоқсан	<input type="text"/>	<input type="text"/>	жыл	<input type="text"/>															
квартальная	отчетный период		квартал			год																
Қызметін "жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензия негізінде жүзеге асыратын бейрезидент сақтандыру ұйымдары, бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары ұсынады Представляют страховые организации, филиалы страховых (перестраховочных) организаций – нерезидентов осуществляющие свою деятельность на основании лицензии по отрасли "общее страхование"																						
Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі бірінші айдың 20-нан кешіктірмей Срок представления – не позднее 20 числа первого месяца после отчетного периода																						
БСН коды Код БИН	<table border="1"> <tr> <td><input type="text"/></td> </tr> </table>		<input type="text"/>																			
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>			

- Бейрезиденттерді тікелей сақтандыру, мың Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) доллары
  - Прямое страхование нерезидентов, тысяч долларов Соединенных Штатов Америки (далее – США)







<p>объекті лерін ( бейрези денттер ді ) сақтанд ы ру бойын ша п о страхов анию объекто в прямог о инвести ровани я ( (  нерезид ентов)</p>	<p>11521</p>										
<p>бейрези дент тікелей инвесто рларды сақтанд ы ру бойын ша п о страхов анию прямых инвесто р о в нерезид ентов</p>	<p>11522</p>										
<p>бейрези дент тел компан иялард ы сақтанд ы ру бойын ша п о страхов анию сестрин ских</p>	<p>11523</p>										









<p>д і ) сақтанд ы ру бойын ша п о страхов анию объекто в прямог о инвести ровани я ( (  нерезид ентов)</p>	<p>11631</p>										
<p>бейрези дент тікелей инвесто рларды сақтанд ы ру бойын ша п о страхов анию прямых инвесто р о в нерезид ентов</p>	<p>11632</p>										
<p>бейрези дент тел компан иялард ы сақтанд ы ру бойын ша п о страхов анию сестрин ских компан и й нерезид ентов</p>	<p>11633</p>										











ыру бойынша по страхованию сестринских компаний нерезидентов	12523										
басқа бейрезиденттердің сактандыру бойынша по страхованию прочих нерезидентов	12524										
есепті кезеңнің соңына на конец отчетного периода	12530										
тікелей инвестициялау объектілерін (бейрезиденттердің) сактандыру бойынша по страхованию объектов	12531										







<p>циялау объекті лерін ( бейрези денттер ді ) сактанд ы ру бойын ша п о страхов анию объекто в прямог о инвести ровани я ( (  нерезид ентов)</p>	<p>12631</p>										
<p>бейрези дент тікелей инвесто рларды сактанд ы ру бойын ша п о страхов анию прямых инвесто р о в нерезид ентов</p>	<p>12632</p>										
<p>бейрези дент тел компан иялард ы сактанд ы ру бойын ша п о страхов анию сестрин</p>	<p>12633</p>										





подлежащие к получению											
теңбе-тең қайта сақтандыру болған жағдайда в случае пропорционального перестрахования	13440										
теңбе-тең емес қайта сақтандыру болған жағдайда в случае непропорционального перестрахования	13450										

4. Сақтандыру брокерлерінің және бейрезидент сақтандыру агенттерінің (делдалдық қызмет) қатысуымен сақтандыру (қайта сақтандыру), мың АҚШ доллары

4. Страхование (перестрахование) с участием страховых брокеров и страховых агентов нерезидентов (посредническая деятельность), тысяч долларов США

Көрсеткіштің атауы Наименование показателя	Жол коды Код строки	Барлығы Всего	Брокер (агент) елдің атауы Наименование страны брокера (агента)									
			2	3	4	5	6	7	8	9	10	
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
4.1-бөлік. Есепті кезеңнің операциялары Часть 4.1. Операции за отчетный период												

Бейрези дент сактанд ы ру брокері н е немесе бейрези дент сактанд ы ру агентін е алынға н қызмет тер үшін төленге н комисс ия Комисс ия, выплач енная страхов ом у брокер у-нерез иденту или страхов ом у агенту- нерезид енту за получе нные услуги	14400											
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Атауы Наименование _____ _____	Мекенжайы (респонденттің) Адрес (респондента) _____ _____ _____ _____
Телефоны (респонденттің) Телефон (респондента) _____ стационарлық стационарный	_____ _____ _____ мобильді мобильный
Бастапқы статистикалық	

деректерді таратуға келісеміз Согласны на распространение первичных статистических данных	<input type="checkbox"/>	Бастапқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз Не согласны на распространение первичных статистических данных	<input type="checkbox"/>
Электрондық почта мекенжайы (респонденттің) Адрес электронной почты (респондента) _____ _____ Орындаушы Исполнитель _____ _____ тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) Бас бухгалтер немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам Главный бухгалтер или лицо, на которое возложена функция по подписанию отчета _____ тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам Руководитель или лицо, на которое возложена функция по подписанию отчета _____ _____ тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)		_____ колы, телефоны (орындаушының) подпись, телефон (исполнителя) _____ колы подпись _____ колы подпись	

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2025 жылғы 23 маусымдағы  
№ 33 қаулысына  
20-қосымша

**"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша бейрезиденттерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және бейрезиденттердің тәуекелдерін қайта сақтандыру туралы есеп" (индексі 11-ТБ-ЖС, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру нұсқаулығы**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша бейрезиденттерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және бейрезиденттердің тәуекелдерін қайта сақтандыру туралы есеп" (индексі 11-ТБ-ЖС, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыру нұсқаулығы "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және статистикалық нысанды толтыруды нақтылайды.

2. Статистикалық нысанды қызметін "жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензия негізінде жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары, бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары тоқсан сайын ұсынады.

3. Статистикалық нысан бойынша сұратылатын ақпарат Қазақстан Республикасының сыртқы секторының статистикасын жасауға арналған.

4. Статистикалық нысанға басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адамдар және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Статистикалық нысанды толтыру**

5. Статистикалық нысанды толтыру кезінде мынадай анықтамалар қолданылады:

1) резиденттер:

азаматтығына қарамастан Қазақстан Республикасында бір жылдан астам тұратын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде бір жылдан аз уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары. Мемлекеттік қызмет, білім алу және емделу мақсатында шетелде жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары басқа елдердің аумағында болу мерзіміне қарамастан, резидент болып табылады;

халықаралық ұйымдарды, шетелдік елшіліктерді, консулдықтарды және басқа да дипломатиялық және ресми өкілдіктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде орналасқан Қазақстанның елшіліктері, консулдықтары және басқа дипломатиялық және ресми өкілдіктері;

осы тармақшаның үшінші абзацында және осы тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері;

2) бейрезиденттер:

азаматтығына қарамастан, шетелде бір жылдан астам тұратын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан аз жүрген шетел азаматтары. Мемлекеттік қызмет, білім алу және емделу мақсатында жүрген шет мемлекеттердің азаматтары республика аумағында болу мерзіміне қарамастан, бейрезидент болып табылады;

Қазақстан Республикасының елшіліктерін, консулдықтарын және басқа дипломатиялық және ресми өкілдіктерін қоспағанда, басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан халықаралық ұйымдар, шетелдік елшіліктер, консулдықтар және басқа шетелдік дипломатиялық және ресми өкілдіктер;

1) тармақшаның үшінші абзацында және осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген заңды тұлғалардың басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері.

6. Статистикалық нысанда сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі саласындағы төлем балансының операцияларына қатысты ақпарат, сондай-ақ халықаралық инвестициялық позиция мен елдің сыртқы борышы үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының резервтері бойынша қалдықтары көрсетіледі:

1) бейрезиденттерді тікелей сақтандыру бойынша – сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тәуекелдерін қабылдауға байланысты туындайтын қызмет және онымен байланысты қатынастар туралы (1-бөлім);

2) бейрезиденттерді қайта сақтандыру (кіріс қайта сақтандыру) бойынша – жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру тәуекелдерінің бөлігін қабылдауға байланысты туындайтын қызмет және онымен байланысты қатынастар туралы (2-бөлім);

3) бейрезиденттердің қайта сақтандыруы (шығыс қайта сақтандыру) бойынша – жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру тәуекелдерінің бөлігін қайта сақтандыруға беруге байланысты туындайтын қызмет және онымен байланысты қатынастар туралы (3-бөлім).

7. Есепті кезеңдегі статистикалық нысанның 1.1, 2.1, 3.1, 4.1-бөлімдерінде аталған барлық операциялар (жол кодтары 11100, 11200, 11210, 11300, 12100, 12200, 12210, 12300, 12400, 12440, 12450, 13100, 13200, 13400, 13440, 13450, 14400) есептеу әдісіне сәйкес көрсетіледі.

Ірі сақтандыру төлемдері (жол кодтары 11210, 12210) қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі болып табылатын активтерді шегергенде, жеке жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтері сомасының 25 пайызынан асатын төлемдер кіреді.

Инвестициялаудан түскен кірісте (жол кодтары 11300, 12300) тиісті елдер бойынша бейрезиденттермен жасалған кіріс сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша

сақтандыру резервтерінің қаржы активтеріне инвестициялаудан есепті кезеңде алуға есептелген кіріс көрсетіледі.

8. 4-бөлімде бейрезидент сақтандыру-брокеріне немесе бейрезидент сақтандыру-агентіне көрсетілген қызметтер үшін төленген комиссия көрсетіледі. Мұндай қызметтерге сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша делдалдық қызмет, консультациялық қызмет, құнды бағалау және шығындарды реттеу қызметтері, құтқару жұмыстарын қамтамасыз ету бойынша әкімшілік қызметтер, сақтандыру төлемдеріне қатысты реттеу және мониторинг жүргізу қызметтері, сақтандыру қызметіне байланысты басқа қосалқы қызметтер кіреді.

9. Барлық сома үтірден кейін бір таңбаға дейінгі дәлдікпен Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) мың долларымен көрсетіледі.

Теңгемен берілген сома АҚШ долларына ауыстырылады. Өзге де шетел валюталарында берілген сома алдымен теңгеге, содан кейін АҚШ долларына ауыстырылады.

Конвертациялау үшін қаржылық есептілікті қалыптастыру мақсатында қолданылатын валюта айырбастау бағамы пайдаланылады. Бұл ретте операцияларды конвертациялау үшін операцияларды жүргізу күні тиісті бағамдар, кіріс және комиссиялар үшін – есепті кезеңдегі орташа есеппен алынған бағамдар, тоқсанның басындағы және соңындағы қалдықтар үшін – тиісті күннің бағамы қолданылады.

Валюта кодтары ҚР ҰБ 07 ISO 4217-2019 "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

10. Барлық операциялар әріптес елдер бойынша (сақтанушылар, қайта сақтанушылар, қайта сақтандырушылар, брокерлер, агенттер) бөлініп көрсетіледі. Елдердің атауы 1-4-бөлімдерінің 2-10 бағандарында көрсетіледі. Егер респонденттің әріптес елдерінің саны статистикалық нысанның бөлімдеріндегі бағандардың санынан асатын болса, жетіспейтін бағандар қосылады.

1, 4-бөлімдерде ел бойынша ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1-2016 "Елдердің атаулары мен олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін көрсетуге арналған кодтар. 1-бөлім. Ел кодтары" Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес екі әріптен тұратын ел коды көрсетіледі.

11. Есепті кезеңнің басындағы сақтандыру резервтері бойынша қалдықтар олардың алдыңғы кезеңнің соңындағы қалдықтарға тең және мынадай түрде бөлініп толтырылады:

1) тікелей инвестициялау объектілерін сақтандыру бойынша – респондент тікелей инвестор болып табылатын объектілер;

2) тікелей инвесторларды сақтандыру бойынша – дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын иеленетін (тікелей немесе жанама) тұлғалар. Жеке тұлғалар (үй шаруашылықтары), заңды тұлғалар, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ заңды тұлға құрмай-ақ өзге де субъектілер тікелей инвесторлар болып табылады;

3) тел компанияларды сақтандыру бойынша – респондентпен ортақ тікелей инвесторы бар ұйымдарды, бірақ бұл ұйым да, респондент те бір-бірінің капиталына қатысу құралдарының 10 (он) % пайызын немесе одан астамын иелік етпейді.

12. Статистикалық нысан электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімі сақтала отырып, "ҚР ҰБ Веб-порталы" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесі арқылы электрондық тәсілмен ұсынылады.

Статистикалық нысанға түзетулер (өзгертулер, толықтырулар) есепті кезең аяқталғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде енгізіледі.

### **3-тарау. Арифметикалық-логикалық бақылау**

13. Арифметикалық-логикалық бақылау:

әрбір баған үшін 11520-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11530 жолы;

әрбір баған үшін 11521-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11531 жолы;

әрбір баған үшін 11522-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11532 жолы;

әрбір баған үшін 11523-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11533 жолы;

әрбір баған үшін 11524-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11534 жолы;

әрбір баған үшін 11620-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11630 жолы;

әрбір баған үшін 11621-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11631 жолы;

әрбір баған үшін 11622-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11632 жолы;

әрбір баған үшін 11623-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11633 жолы;

әрбір баған үшін 11624-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 11634 жолы;

әрбір баған үшін 12520-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12530 жолы;

әрбір баған үшін 12521-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12531 жолы;

әрбір баған үшін 12522-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12532 жолы;

әрбір баған үшін 12523-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12533 жолы;

әрбір баған үшін 12524-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12534 жолы;

әрбір баған үшін 12620-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12630 жолы;

әрбір баған үшін 12621-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12631 жолы;

әрбір баған үшін 12622-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12632 жолы;

әрбір баған үшін 12623-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12633 жолы;

әрбір баған үшін 12624-жол = алдыңғы кезеңдегі статистикалық нысанның 12634 жолы;

әрбір баған үшін 12400-жол = 12440 жол + 12450 жол;

әрбір баған үшін 13400-жол = 13440 жол + 13450 жол;

әрбір баған үшін 11520-жол = 11521 жол + 11522 жол + 11523 жол + + 11524 жол;

әрбір баған үшін 11530-жол = 11531 жол + 11532 жол + 11533 жол + + 11534 жол;

әрбір баған үшін 11620-жол = 11621 жол + 11622 жол + 11623 жол + + 11624 жол;

әрбір баған үшін 11630-жол = 11631 жол + 11632 жол + 11633 жол + + 11634 жол;

әрбір баған үшін 12520-жол = 12521 жол + 12522 жол + 12523 жол + + 12524 жол;

әрбір баған үшін 12530-жол = 12531 жол + 12532 жол + 12533 жол + + 12534 жол;

әрбір баған үшін 12620-жол = 12621 жол + 12622 жол + 12623 жол + + 12624 жол;

әрбір баған үшін 12630-жол = 12631 жол + 12632 жол + 12633 жол + + 12634 жол.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2025 жылғы 23 маусымдағы  
№ 33 қаулысына  
20-қосымша

	Ақпаратты алушы органдар жасырындылыққа кепілдік береді Конфиденциальность гарантируется органами получателями информации Ведомствольк статистикалык байқаудын статистикалық нысанның Статистическая форма ведомственного статистического наблюдения Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынылады Представляется Национальному Банку Республики Казахстан		
	"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша бейрезиденттерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және бейрезиденттердің тәуекелдерін қайта сақтандыру туралы есеп Отчет о страховании (перестраховании) нерезидентов и перестраховании рисков у нерезидентов по отрасли "страхование жизни"		













Бейрезиденттер мен жасалған қайтасактандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шығыстары Расходы по осуществлению страховых выплат по договору страхования с нерезидентами	22200										
оның ішінде ірі сақтандыру төлемдері из них крупнее страховых выплаты	22210										
Төленуге тиіс комиссиялар											







<p>онын ішінде сақтандыру брокері арқылы берілген сақтандыру сыйлық ақылары</p> <p>Страховые премии, переданные перестраховочной организации – нерезиденту, в том числе через страхового брокера</p>	<p>23100</p>										
<p>Бейрезиденттер мен жасалған қайта сақтандыру шарттары бойынша алынған өтемақы</p> <p>Возмещение, полученное по договорам перестрахован</p>	<p>23200</p>										

ия с нерезид ентами										
Алынуг а тиіс комисс иялар Комисс ионные , подлеж ащие к получе нию	23400									
теңбе-т ең қайта сақтанд ыру болған жағдай да в случае пропор ционал ьного перестр ахован ия	23440									
теңбе-т ең емес қайта сақтанд ыру болған жағдай да в случае непроп орцион ального перестр ахован ия	23450									

4. Сақтандыру брокерлерінің және бейрезидент сақтандыру агенттерінің (делдалдық қызмет) қатысуымен сақтандыру (қайта сақтандыру), мың АҚШ доллары

4. Страхование (перестрахование) с участием страховых брокеров и страховых агентов нерезидентов (посредническая деятельность), тысяч долларов США

			Брокер (агент) елдің атауы
--	--	--	----------------------------

Көрсеткіштің атауы Наименование показателя	Жол коды Код строки	Барлығы Всего	Наименование страны брокера (агента)									
			2	3	4	5	6	7	8	9	10	
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

4.1-бөлік. Есепті кезеңнің операциялары  
Часть 4.1. Операции за отчетный период

Бейрезидент сақтандыру брокері немесе бейрезидент сақтандыру агентіне төленген комиссия Комиссия, выплаченная страховому брокеру-нерезиденту или страховому агенту-нерезиденту	24400										
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Атауы Наименование _____	Мекенжайы (респонденттің) Адрес (респондента) _____ _____
Телефоны (респонденттің) Телефон (респондента) _____	_____
стационарлық стационарный	мобильді мобильный

Бастапқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз Согласны на распространение первичных статистических данных	<input type="checkbox"/>	Бастапқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз Не согласны на распространение первичных статистических данных	<input type="checkbox"/>
Электрондық почта мекенжайы (респонденттің) Адрес электронной почты (респондента) _____			
Орындаушы Исполнитель _____			
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) Бас бухгалтер немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам Главный бухгалтер или лицо, на которое возложена функция по подписанию отчета		қолы, телефоны (орындаушының) подпись, телефон (исполнителя)	_____ — қолы подпись
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии) Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам Руководитель или лицо, на которое возложена функция по подписанию отчета		_____ — қолы подпись	_____ — қолы подпись
_____ тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)			

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық Банкі Басқармасының  
 2025 жылғы 23 маусымдағы  
 № 33 қаулысына  
 22-қосымша

**"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша бейрезиденттерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және бейрезиденттердің тәуекелдерін қайта сақтандыру туралы есеп" (индексі 11-ТБ-ӨС, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру нұсқаулығы**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша бейрезиденттерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және бейрезиденттердің тәуекелдерін қайта сақтандыру туралы есеп" (индексі 11-ПБ-ӨС, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыру нұсқаулығы "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және статистикалық нысанды толтыруды нақтылайды.

2. Статистикалық нысанды қызметін "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензия негізінде жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары, бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары тоқсан сайын ұсынады.

3. Статистикалық нысан бойынша сұратылатын ақпарат Қазақстан Республикасының сыртқы секторының статистикасын жасауға арналған.

4. Статистикалық нысанға басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адамдар және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Статистикалық нысанды толтыру**

5. Статистикалық нысанды толтыру кезінде мынадай анықтамалар қолданылады:

1) резиденттер:

азаматтығына қарамастан, Қазақстан Республикасында бір жылдан астам тұратын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде бір жылдан аз уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары. Мемлекеттік қызмет, білім алу және емделу мақсатында шетелде жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары басқа елдердің аумағында болу мерзіміне қарамастан, резидент болып табылады;

халықаралық ұйымдарды, шетелдік елшіліктерді, консулдықтарды және басқа дипломатиялық және ресми өкілдіктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде орналасқан Қазақстанның елшіліктері, консулдықтары және басқа дипломатиялық және ресми өкілдіктері;

осы тармақшаның үшінші абзацында және осы тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері;

2) бейрезиденттер:

азаматтығына қарамастан, шетелде бір жылдан астам тұратын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының аумағында бір жылдан аз жүрген шетел азаматтары. Мемлекеттік қызмет, білім алу және емделу мақсатында жүрген шет мемлекеттердің азаматтары республика аумағында болу мерзіміне қарамастан, бейрезидент болып табылады;

Қазақстан Республикасының елшіліктерін, консулдықтарын және басқа дипломатиялық және ресми өкілдіктерін қоспағанда, басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан халықаралық ұйымдар, шетелдік елшіліктер, консулдықтар және басқа шетелдік дипломатиялық және ресми өкілдіктер;

осы тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацында және осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген заңды тұлғалардың басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері.

6. Статистикалық нысанда сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі саласындағы төлем балансының операцияларына жататын ақпарат, сондай-ақ елдің халықаралық инвестициялық позициясы және сыртқы борышы үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының резервтері бойынша қалдықтары жинақталады:

1) бейрезиденттерді тікелей сақтандыру бойынша – сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тәуекелдерін қабылдаумен байланысты туындайтын қызмет және онымен байланысты қатынастар туралы (1-бөлім);

2) бейрезиденттерді қайта сақтандыру (кіріс қайта сақтандыру) бойынша – жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру тәуекелдерінің бөлігін қабылдаумен байланысты туындайтын қызмет және онымен байланысты қатынастар туралы (2-бөлім);

3) бейрезиденттердің қайта сақтандыруы (шығыс қайта сақтандыру) бойынша – жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру тәуекелдерінің бөлігін қайта сақтандыруға берумен байланысты туындайтын қызмет және онымен байланысты қатынастар туралы (3-бөлім).

7. Есепті кезеңдегі статистикалық нысанның 1.1, 2.1, 3.1, 4,1-бөлімдерінде аталған барлық операциялар (жол кодтары 21100, 21200, 21210, 21305, 21306, 22100, 22200, 22210, 22400, 22440, 22450, 23100, 23200, 23400, 23440, 23450, 24400) есептеу әдісіне сәйкес көрсетіледі.

Ірі сақтандыру төлемдері (жол кодтары 21210, 22210) бөлек жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтері сомасының 25 пайызынан асатын, сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі болып табылатын активтерді шегергендегі төлемдер кіреді.

8. 4-бөлімде бейрезидент сақтандыру-брокеріне немесе бейрезидент сақтандыру-агентіне алынған қызметтер үшін төленген комиссия көрсетіледі. Осындай қызметтерге сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша делдалдық қызмет, консультациялық қызмет, құндық бағалау және шығындарды реттеу қызметтері, құтқару жұмыстарын қамтамасыз ету бойынша әкімшілік қызметтер, сақтандыру төлемдеріне қатысты реттеу және мониторинг жүргізу қызметтері, сақтандыру қызметімен байланысты басқа қосалқы қызметтер жатады.

9. Барлық сома үтірден кейін бір таңбаға дейінгі дәлдікпен Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) мың долларымен көрсетіледі.

Теңгемен берілген сома АҚШ долларына ауыстырылады. Өзге шетел валюталарында берілген сома алдымен теңгеге, содан кейін АҚШ долларына ауыстырылады.

Конвертациялау үшін қаржылық есептілікті қалыптастыру мақсатында қолданылатын валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланылады. Бұл ретте операцияларды конвертациялау үшін операцияларды жүргізу күні тиісті бағамдар, кіріс және комиссиялар үшін – есепті кезеңдегі орташа есеппен алынған бағамдар, тоқсанның басындағы және соңындағы қалдықтар үшін – тиісті күннің бағамы қолданылады.

